

Жасаған Муслүмканова Малика
Группа Фк-81а

МУХТАР

ШАХАНОВ



ZHARAR

WWW.ZHARAR.COM

ӨМІРБАЯНЫ

- Шымкент педагогикалық институтын бітірген (1969).
- "Оңтүстік Қазақстан" (1960-65)
- "Лениншіл жас" (1965-70) газеттерінде
- республикалық телевизия, радио редакцияларында (1971-75) істеді.
- 1976 жылдан Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім бастығы.
- «Жалын» альманахының (1984) бас редакторы
- «Жалын» журналының бас редакторы (1986)
- 1993-2003 жж. Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде болды.
- 2004—2007 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.
- "Жалын" журналының бас редакторы, әлем ойшылдарының басын біріктіретін "XXI ғасыр және Руханият" атты халықаралық элита клубының Президенті.
- Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы
- республикалық "Жалын" журналының бас редакторы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

- Алғашқы өлеңі ("Сырдария") 1959 жылы жарияланды.
- Тұңғыш өлеңдер жинағы ("Бақыт") 1966 жылы жарық көрді.
- "Балладалар" (1968)
- "Ай туып келеді" (1970)
- "Қырандар төбеге қонбайды" (1974)
- "Сенім патшалығы" (1976) атты кітаптары шықты.
- Бірнеше өлең кітаптарының және халық арасына кең тараған бірқатар әндердің авторы. Балладалары мен поэмалары дүние жүзі халықтарының 20-дан астам тілдеріне аударылған. Өлеңдерінде философиялық ой басым. Мәтінін де, музыкасын да өзі жазған "Жұбайлар жыры", "Туған күн кешінде", "Гүл дәурен", "Мен саған ғашық едім" атты әндері жұртшылыққа кеңінен таныс.

МАРАПАТТАРЫ

- Қырғыз Республикасының халық ақыны (1994)
- Қазақстан Республикасының Халық жазушысы (1996)
- Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Орта Бағдарламасы сыйлығының лауреаты
- Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының лауреаты
- Қырғыз Республикасының халықаралық "Руханият" сыйлығының лауреаты
- түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің "Шахрияр" сыйлығының лауреаты
- ЮНЕСКО-ның "Боорукер" клубы сыйлығының иегері.
- "Жазагер жады космоформуласы" шығармасы үшін Калифорния Ғылым индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі (2002)
- Түркияның Гебзе қаласында "Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны" сыйлығы берілген (2002).
- Түркия, Әзірбайжан, Солтүстік Кипр мемлекеттері тағайындаған «Түрік әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» атағының иегері (2006).
- Осы жылы Америка өмірбаян институты белгілеген 2005 жылдың "Жыл адамы" атағы берілді.
- Мұхтар Шаханов "Оңтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы".
- М.Шаханов — Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1972).
- "Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін"
- "Еңбектегі ерлігі үшін" медальдармен марапатталған.
- жиырмадан астам шет елдік академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры.
- «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобелшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды. ¹¹

ЖЕЛТОҚСАН АЛАҢЫ

- Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпеңдер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ

- ▣ Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.

-
- **Орны** Алматы, Қазақ КСР КСРО
 - **Күні** 17 — 18 желтоқсан 1986 жыл
 - **Мақсаты** Мәскеудегі орталықтан саяси тәуелсіздікті талап ету.
 - **Сипаттамасы** Бейбіт шеру, көтерілісшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, арнайы әскери күштер тобы арасындағы қақтығыс
 - **Өлгендер** 168-200 адам
 - **Жараланғандар** 200-ден аса адам
 - **Нәтижесі** КСРО ІІМ-нің бұйрығы негізінде дайындалған “Құйын — 86” операциясы бойынша көтеріліс қатыгездікпен басып жаншылды. Көтерілісшілер сотталып, қатал жазаланды
 - **Тұтқындалғандар** 1000-нан аса адам

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ ТУРАЛЫ

- Кино:
- "Аллажар", Желтоқсан көтерілісінің бар көрінісін Қаллдыбай Әбеновтың осы фильмінде керемет баяндалады

ҚАЛЛДЫБАЙ ӘБЕНОВ

- 1988-89 жылы фильмді бастағанда «маған ешкім кедергі жасамағанда, әлі де болса көптеген ақиқатты жарыққа шығарар ма едім?» деп ойлаймын кейде. Алаңда, алаңнан тыс жерлерде 2000-нан астам шейіт болған жастарымыздың денелерін толық еркіндігіміз болғанда, бәлкім, біз табар ма едік. Ақиқаттың көбі оқиғадан кейін-ақ жойылды. Мен фильмді Желтоқсан оқиғасына қатысқан, түрменің азабын шегіп келген уыздай жастарымыздың айтқан әңгімелері, бойынша түсірдім. Қазақтың ұл-қыздарын шырылдата сабап жатқан жерлерін өздерінің айтуларымен жасадым. Толқуды да оқиғаның бел ортасында болған балалардың әңгімесінен алдым









ZHELTOKSAN

LAST SPLASH OF NATIONAL SPIRIT



Қорытынды:
Не үйрендіңдер?
Не қиын болды?
Не оңай болды?